


дейін қызады. Қажетті температураға жеткеннен кейін қыздыру тоқтатылады және пешке табиғи газ, пештегі температура оны крекингілеуге жеткілікті жоғары болғанша беріледі, одан кейін қыздыру циклі қайталанады. Жұмыс циклінен кейін пештен шығатын газдар сумен салқындатылады, циклоннан және сүзгілер жүйесінен өтеді, одан ары екінші пешті қыздыру үшін рециркуляцияланады. Күйе циклондардан және сүзгілерден шнек арқылы қоймаға беріледі.

**Күйенің қолданылуы.** Алғашқыда күйе өндірісі одан типографиялық бояуларды даярлауға сұраныс салдарынан дамыған болатын; кейіннен оның маңызы айтарлықтай өсті, себебі оған табиғи және жасанды каучукті өңдеу өнеркәсібі тұтынушы болды.

Автокөлік шиналарын өндіргенде каучукке 30-50% күйені қосқанда, олардың беріктігі 2-3 есе артады (жүру ұзақтығы 1500-2000-нан 50000-60000 км-ге дейін артады).

Қазіргі уақытта жылына күйенің миллионнан астам тоннасы өндіріледі, оның шамамен 90%-ы каучукты өңдеу кезінде қолданылады, ал қалған бөлігінен типографиялық және басқа бояулар, лактар, көшірме қағаздар, қарындаштар, пластикалық және оқшаулағыш материалдар, электродтар және т.б. алынады.



15-сурет. Пештік күйені алудың кондырғысы:

- 1 - электростатикалық тұндырғыш; 2-циклондар; 3-сорғыш желдеткіш;
- 4-магнитті сепаратор; 5-транспортер; 6-шарлы диірмен; 7-қорап;
- 8-суды енгізу; 9-элеватор; 10-кептіргіш камера; 11-ауа үрлегіш;
- 12-торабы; 13-шикізаттың инжекторы (сұйық көмірсутектердің);
- 14-көтергіш